



2018 ЖЫЛҒЫ «19» ақпан

« » 20 года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Тұйық ауылы

2018 жыл 19 ақпан

№ 2 дана

Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Райымбек ауданының Тұйық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Алматы облысы Әділет департаментінің Райымбек ауданының Әділет басқармасы Занды тұлғаны қайта тіркеген, тіркелудің күні: 08.08.2013ж. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні: 05.03.2013 ж. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 130340004009. Есеп айырысу операциялары «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті Алматы облысы бойынша қазналық департаменті Райымбек ауданының қазналық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізіледі. Коды: 1235319. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ32070103KSN0908000.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 041430, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Тұйық ауылы, Сүйенішұлы көшесі, 3 үй. Тел: 87275970160 немесе 872740-7-01-34.

Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі: Сәйкестік аудиті.


Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма (Тексеру тағайындау туралы акт): 13 ақпан 2018 жылғы №02-16/36.23-55-Т тапсырма, тапсырмаға қол қойған Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ермек Мұхаммедкерімұлы Сабыр.

Мемлекеттік аудитті Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маманы - мемлекеттік аудиторы Сарсен Абдолдаұлы Муджаев жүргізді.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 2017 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі аралығы: 2018 жылдың 16 ақпаны - 19 ақпаны аралығы.



Көшірме асауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

005409

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі аралығы: 2018 жылдың 16 ақпанынан 19 ақпаны аралығы.

Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: ««Райымбек ауданының Тұйық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Әкімі Ақжігіт Улас Бақытбекұлының келісімімен, бас маман-есепші Сабырбай Ақниет Сержанқызының қатысуымен мемлекеттік аудит жүзеге асырылды, сондай-ақ мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдар: бірінші қол қою құқығымен мемлекеттік мекеме басшысы (Әкімі) Ақжігіт Улас Бақытбекұлы, екінші қол қою құқығымен бас маман - есепші Смақан Қайрат Қуандықұлы 2017 жылдың 01 қаңтарынан 2017 жылдың 09 маусымына дейін, Қасымбекова Роза Заманбекқызы 2017 жылдың 09 маусымынан 2018 жылдың 22 қаңтарына дейін.

Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

1. 2014 жылдың бақылау іс-шаралар жоспары және Алматы облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясының 2014 жылғы 11 шілдедегі №646-б бұйрығының негізінде, аталған инспекциясының бас маман - бас бақылаушы тексерушісі Дәулет Ұнақбаев 2013 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2014 жылдың шілде айына дейінгі кезеңге бюджеттен бөлінген қаражаттардың Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігіне кешенде бақылау жүргізген. (2014 жылғы 24 шілдедегі бақылау актісі). Бақылау қорытындысы бойынша келесі қаржылық бұзушылық анықталды: негізгі қорлардың, тауарлы-материалды құндылықтардың сақталуына түгендеу жүргізгенде бағасы 78,7 мың теңге құрайтын бір дана ноутбук кем болып шыққан. Бақылау барысында заттай орнына қойылған және автакөлік жүргізушісінде алынған жанар-майы бойынша 14,8 мың теңгеге жол жүру парағын өткізбегені анықталып, анықталған бұзушылық бақылау барысында жергілікті бюджетке 24.07.2014 жылы «KAZPOST» АҚ №620300062750 төлем түбіршегімен өндірілген;

2. Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2017 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне және аталған департаменттің 29.06.2017 жылғы №188 аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырмасына сәйкес, департаменттің бас маман – мемлекеттік аудиторы Б.Бекулов 2015 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2016 жылдың желтоқсан айын қоса алған кезеңге «Райымбек ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне бухгалтерлік және қаржылық есептілігінің заңнамаларға сәйкестігіне аудит жүргізгенде «Райымбек ауданының Тұйық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі қоса аудитпен қамтылған. (2017 жылғы 10 шілдедегі аудиторлық есеп). Аудит қорытындысы бойынша бұзушылық анықталмаған.

Жүргізіліп отырған мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

2017 жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында қаржыландыру жоспары жыл басында жасақталып ағымдағы жылы

аппараты» бойынша жоспарланып 24380,0 мың теңгеге бекітілген, соның ішінде:

001 бағдарлама «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша жоспарланған - 14400,0 мың теңге, кассалық және нақты шығыс 14398,7 мың теңгені құраған немесе 99,9 пайызға орындалған;

022 бағдарлама «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша жоспарланған - 316,0 мың теңге, кассалық және нақты шығыс осыған сәйкес - 316,0 мың теңгені құраған немесе 100 пайызға орындалған;

040 бағдарлама «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бойынша жоспарланған - 9664,0 мың теңге, кассалық және нақты шығыс осыған сәйкес - 9664,0 мың теңгені құраған немесе 100 пайызға орындалған;

Аудиторлық есепке 1-кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат қосымша 2- парақта тіркелді.

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі:

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.11.1998 жылғы №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысы талаптары басшылыққа алынып, бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай қажеттілік есептері жасалған. Бағдарлама мәселесі «Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы:

Есеп айырысу операциялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.11.1998 жылғы №1118 «Бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысы, Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы № 540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі»- не сәйкес жүргізілген.

Банк операциялары қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлем шоты құжатымен ақша аудару арқылы жүзеге асырылған. Бақылау кезінде №381 формалы №2 мемориалдық ордер тексерілді, № 4-20 формамен салыстырылды. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттармен қазынашылық мекемесінің № 5–15 нысан «Мекеме бойынша төлем реестрі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталмады. Ақша аудару операциялары бухгалтерлік есепке уақытылы және толықтай алынып отырған.

Сырт кәсіпорындардан және жеке тұлғалардан көмек алу немесе қайырымдылық көрсетуден қаржы, басқадай материалдық активтер алынбаған. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысының жұмсалыу фактілері анықталмады.

Бағдарлама мәселесі «Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

3.Мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы:

2017жылы 1 қаңтар бойынша штат кестесі 5- адам бірлігімен айлық еңбек ақы қоры 478,0 мың теңгені құрайды. Қызметкерлердің лауазымдық жалақылары мамандығы бойынша комиссия анықтаған жұмыс өтіліне, жұмыскер атқаратын лауазымды қызметтің категориясына сәйкес анықталған коэффициенттер мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақылары негізінде анықталған.Қызметкерлерге еңбекақы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығына (толықтыруларымен, өзгерістерімен) сәйкес төленген.

Жұмысшыларының еңбек ақысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» қаулысына, орташа жалақыны есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларына» және 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ «Еңбек кодексі» негізінде есептелініп төленген. Мекеме қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету шығындары қарастырылмаған.

Еңбекке жарамсыздық парағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы №1103 «Әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау, төлеу сонымен қатар оның мөлшерін анықтау ережелерін бекіту туралы» қаулысы және оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес есептелініп төленген. Тексеруде артық немесе кем төленген жәрдемақы анықталмады.

Ішін ара жұмыскерлер мен қызметкерлердің еңбек стажы өтілі, жұмысқа қабылданғаны туралы, босатылғаны, еңбек демалысын алуы туралы бұйрықтар, жұмыс уақытын пайдалану табелдері тексерілді.

Бағдарлама мәселесі «мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

4. Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі:

Іс сапарға 2017 жылы 131 ерекшіліктен - 97,0 мың теңге жоспарланған, орындалған 100 пайызға және 161 ерекшіліктен - 819,0 мың теңге жоспарланған, орындалған 100 пайызға.

Бағдарлама мәселесі «Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

5. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы.

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998ж. №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылған. Коммуналдық қызметтерден электр қуаты пайдаланылған, оған «Алматыэнергосбыт» ЖШС-мен, байланыс қызметін пайдаланылған, оған «Қазақтелеком» АҚ филиалы жасалған шарттар қазынашылық мекемесінде тіркелген. Бағдарлама мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

6. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы:

Қызметкерлерді орналастыруға арналған алаңдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №335 Қаулысының талаптарына сәйкес. Аталған қаулыдағы нормаға сәйкес мемлекеттік мекеме теңгерімінде 1 жеңіл «Нива 21214 маркалы автакөлік машинасы және ғимарат есепте бар. Бағдарлама мәселесі «коммуналдық мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы:

7. *Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы:*

Бухгалтерлік есепті жүргізуде есеп қызметкерлері Қазақстан Республикасының 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу Ережесі» басшылыққа ала отырып жүзеге асырған.

Бағдарлама мәселесі «бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

8. *Аудит барысында туындаған өзге де сұрақтар.* Аудит барысында туындаған өзге сұрақтар болмады. Бағдарлама мәселесі «аудит барысында туындаған өзге де сұрақтар» тексерілді. Бұзушылық анықталмады.

№2 Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Санын, сапасын және мерзімдерін ескере отырып бөлінген ресурстарды пайдалана отырып, экономика немесе жекелеген басқару саласы үшін барынша пайдалы нәтиже алу. Жоспарланған қаражат 24380,0 мың теңге, орындалғаны 24378,8 мың теңгені немесе 99,9 пайызды құрады.

1. *Күрделі және ағымдағы жөндеуге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы.*

1. «Райымбек ауданының Тұйық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан Былай -Тапсырыс беруші) «**Тұйық ауылының спорт алаңына ағымды жұмыс жүргізуге «Маятас» жеке кәсіпкерімен** (бұдан былай – Мердігер) 2017 жылы 21 қыркүйекте құны 2989,0 мың теңгені құрайтын №45 келісім шартына отырған, содан жұмыстың көлемі өсуіне байланысты негізгі келісім шартқа 25 қазан 2017 жылы №1 қосымша келісім жасалып құны 5664,0 мың теңгені құраған. Қаржыландырылған жергілікті бюджет есебінен 123040 «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасынан - 5664,0 мың теңге. Келісім шартта оның қосымшасы да аумақтық қазынашылық органында тіркеуден өткен. 5664,0 мың теңге орындалған жұмыстың 2-КС және 3-КС үлгілерінің негізінде бюджеттен ақша қаражаты мердігерге аударылған.

2. «Райымбек ауданының Тұйық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан Былай -Тапсырыс беруші) «**Тұйық ауылына малдар зираттарын (биотермиялық шұңқырлар) орнатуға ағымды жұмысын жүргізуге «Байқадам» жеке кәсіпкерімен** (бұдан былай – Мердігер) 2017 жылы 21 қыркүйекте құны 1964,0 мың теңгені құрайтын №44 келісім шартына отырған, содан жұмыстың көлемі өсуіне байланысты негізгі келісім шартқа 26 қазан 2017 жылы №1 қосымша келісім жасалып құны 4000,0 мың теңгені құраған. Қаржыландырылған жергілікті бюджет есебінен 123040 «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша

4000,0 мың теңге орындалған жұмыстың 2-КС және 3-КС үлгілерінің негізінде бюджеттен ақша қаражаты мердігерге аударылған.

Бағдарлама мәселесі «Күрделі және ағымдағы жөндеуге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы» тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары тарапынан мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: қабылданған шаралар жоқ.

Қосымшалар:

1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап 1- парақта;


2) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – 4 парақта;

3) 1-кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат қосымша 2- парақта;

4) мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары – 7 парақта;

Тексеру комиссиясының қызметкері (лері):

Бас маман – мемлекеттік аудитор



С.Муджаев

Аудитке тартылған мемлекеттік органдардың мамандары, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері, сарапшылар

(лауазымы)

(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп екі данада жасалды:

1-ші дана №005408 бланкте «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана №005409 бланкте «Райымбек ауданының Тұйық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

(Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі)

1) қаражат бюджетке түскен кезде

(мың теңге)

[illegible]

[illegible]

[illegible]

3) мемлекеттік аудит объектісі қызметіндегі өзге де заңнама бұзушылықтары, сондай-ақ оның міндеттері мен функцияларын іске асыруға байланысты заңнамадағы кемшіліктер мен олқылықтар

P/c №	Жыл	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды	Бюджеттік бағдарламасы әзірлеушісінің/бірлесіп орындаушысының атауы	Мем. аудит объектісі-нің атауы	Мем. аудит объектісінің БСН-і	Өңірдің коды	Бюджеттік бағдарламаның коды	Бюджеттік бағдарламаның атауы	Тімісіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге)	Тімісіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтер-дің) сомасы (мың теңге)	Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған, қызметкерлік сектор субъектілерінің активтері бұзушылықтарының сомасы (мың теңге)	Жүйелі (бірлік, саны)	Тісті нормативтік және құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, өзге де салалық заңнамадағы кемшілік, бұзушылық фактісін, жүйелі проблемаларды сипаттау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	2017	123	«Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл,	«Райымбек ауданының Тұйық ауылдық округі әкімінің	130340004009.	0515							
Жиыны (соның ішінде													
1	Муджаев С.А.												
	Жиыны												

Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит жүргізген қызметкері

С.Муджаев